

Об отчете

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі — Қор) 2025 жылғы Тұрақты даму саласындағы есебі (бұдан әрі — Есеп) Қордың тұрақты даму бойынша оныншы дербес есебі болып табылады және ол Қор мен оның портфельдік компаниялары (бұдан әрі — Қор тобы) туралы 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге шоғырландырылған ақпаратты қамтиды. Есепте Қор тобы қызметінің нәтижелері мен оның Қазақстан Республикасының экономикалық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесі туралы ақпарат берілген.

Осы құжатты Директорлар кеңесі 2026 жылғы 11 маусымда бекітті және 2026 жылғы 30 маусымда жариялады. Алдыңғы басылымдармен біздің ресми сайтымызда танысуға болады.

Есеп бойынша, сондай-ақ Қордың тұрақты даму саласындағы қызметі бойынша кері байланысқа арналған байланыс ақпараты 8-қосымшада ұсынылған.

Осы Есеп тұрақты даму саласындағы есептіліктің Жаһандық бастамасы стандарттарына GRI (Global Reporting Initiative Standards 2021) сәйкес, сондай-ақ SASB және TCFD стандарттарының қағидаттары мен тәсілдерін пайдалана отырып дайындалды.

Есепті қалыптастыру кезінде біз елеулілік қағидатын негізге алдық және экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға ықпалымызды барынша көрсететін мәселелерді қостық.

Барлық ақшалай көрсеткіштер, өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық теңгеде берілген.

Есепті кезең қаржылық есептіліктің кезеңіне сәйкес келеді. Осы Есепте берілген деректер 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың Шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шекараларына кіретін Қор тобының қызметін қамтиды.

Құжат бойынша навигацияны жеңілдету үшін беттің жоғарғы бөлігіне баннерлер орналастырылған

